

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY



Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті мен экономикалық факультеттің 20-жылдығына орай ұйымдастырылған
«Қаржы, есеп, басқару және туризм салаларындағы заманауи экономикалық мәселелер»
атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының
ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ
7 сәуір 2016ж.

СБОРНИК ТРУДОВ
международной научно-практической конференции
«Современные экономические проблемы в области финансов, учета, управления и туризма»,
посвященной 20-летию Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева и экономического факультета
7 апреля 2016г.

PROCEEDINGS
of the international scientific-practical conference
“Modern economic problems in the field of finance, accounting, management and tourism”
dedicated to the 20-th anniversary of the L.N. Gumilyov Eurasian National University and the Economic Faculty
7 April, 2016

Астана, Қазақстан
Astana, Kazakhstan

УДК 336: 338.48 (063)

ББК 65.261

Қ 41

Редакционная коллегия:

Декан экономического факультета, д.э.н., профессор Макыш С.Б.,

Заместитель декана по научной работе, к.э.н., и.о. доцента Бакирбекова А.М.

Профессор кафедры «Туризм», д.э.н. Сыздыкбаева Б.У.

Заведующий кафедрой «Туризм», к.э.н., доцент Дуйсембаев А.А.

Заведующий кафедрой «Менеджмент», д.э.н., профессор Толысбаев Б.С.

Заведующий кафедрой «Учет, аудит и анализ», к.э.н., доцент Алибекова Б.А.

Заведующий кафедрой «Финансы», д.э.н., профессор Садвокасова К.Ж.

Заведующий кафедрой «Экономика», к.э.н., асс. профессор Рахметулина Ж.Б.

Заведующий кафедрой «Экономическая теория и антимонопольное регулирование», к.э.н., доцент Бабланов Т.К.

Қ41 Қаржы, есеп, басқару және туризм салаларындағы заманауи экономикалық мәселелер: Халық. ғыл.-тәжіриб. конф. еңбектер жинағы _ **Современные экономические проблемы в области финансов, учета, управления и туризма:** Сб. материалов межд. науч.-практ. конф. _ Proceedings of the international scientific-practical conference **“Modern economic problems in the field of finance, accounting, management and tourism”**. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2016 _ Астана: Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2016 _ Astana, L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2016.

ISBN 978 – 601 -301 – 677 - 1

Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының еңбек жинағында қаржы, есеп, басқару және туризм салаларындағы заманауи экономикалық мәселелері қарастырылған.

В сборнике материалов международной научно-практической конференции рассмотрены экономические проблемы в области финансов, учета, управления и туризма.

Economic issues in the fields of finance, accounting, management and tourism are covered in the international scientific-practical conference collection of materials.

УДК 336: 338.48 (063)

ББК 65.261

ISBN 978 – 601 -301 – 677 – 1

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2016

© Евразийский Национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2016

© L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2016

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ТУРИЗМ САЛАСЫНДАҒЫ ЛОГИСТИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР

Баймбетова А.Б., Шарапаева Б.Ж.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Астана қ., Қазақстан Республикасы

e-mail: asel_baymbetova@mail.ru

Әлемде көптеген әр түрлі декларациялар, конвенциялар, зерттеулер және бағдарламалар, жергілікті деңгейде де, сонымен қоса, ұлттық деңгейде де жасалған. Әлеуметтік туризм тіпті дискриминацияға және интеграция мәселелеріне қарсы жоғарғы мінсізділік деп айтылған. Алайда әлеуметтік туризмді дамыту бойынша нақты бағдарлама жасау үшін мақсат пен критерийлерді таңдауға байланысты нақты мәселелер туындайды: мақсатты топтар, туристік қызмет түрлерін, олардың көлемі мен процесстерін, мемлекеттік қолдау механизмдерін таңдаудан бастап және қажетті бюджеттік ресурстарға дейін. Ең бастысы – мақсатты топтарды қоса есептегенде барлық қатысушыларды қанағаттандыратын бағдарламаның мақсатын жасау.

Сонымен қоса, туризмнің әлеуметтік маңыздылығын атап кеткен жөн, оның тұлғаның дамуына рухани және физикалық өсіп келе жатқан рөлі, дәнгейдің қалыптастырылуы және өмірдің сапасы. Бүгінгі таңда, «әлеуметтік туризм» атты туризм концепциясы жылдан жылға өзінің үлкен маңыздылығын арттыруда.

Мемлекет басшысы Н.Назарбаевтың 2015 жылғы 30 қарашада Қазақстан халқына жолдауында «Бүгін мен жаңа әлеуметтік саясат жасау міндетін қоямын. Мемлекеттің әлеуметтік саладағы рөлі әлсіз қорғалған азаматтарды қолдаумен және адам капиталына инвестицияларды қамтамасыз етумен шектелетін болуы тиіс. Атаулы әлеуметтік қолдау тек мұқтаж адамдарға, олардың нақты табыстары мен өмір сүру жағдайын бағамдау негізінде, көрсетілетін болады» [1]. Сонымен бірге Қазақстан Республикасында туристік саланы дамытудың бір құралы ретінде ел ішінде туризмді жалпыға қолжетімді, әсіресе, халықтың әлеуметтік – әлсіз топтары үшін қолжетімді ету мақсатында әлеуметтік туризмнің қайта жаңғыруын қарастыруға болады.

Әлеуметтік туризм бойынша халықаралық ұйым туризмді аз қамтылған және туризмге қатысушы болу мүмкіндігі жоқ дистинация - елдердегі халықтың қатысуымен байланысты қатынас пен құбылыс ретінде қарастырады. Қатысушы болу немесе жағдайды жақсарту саясаты, әлеуметтік іс – шаралар мен әлеуметтік қатысушылардың міндеттемелерін байланыстыру арқылы ғана мүмкін болады [2].

Бұндай тұжырымдау мақсатты адамдар топтарына тікелей субсидия ғана емес, сонымен қатар Қазақстанда ішкі туризмнің дамуы үшін өзекті қолжетімді туризм ифранқұрылымының қатысуын да көздейді.

Бүгінгі таңда Қазақстанда жалпы ел халқының 3% (627,2 мың адам) мүмкіндігі шектеулі адамдар, олардың 11% - балалар, шамамен 24% - қарт адамдар, 64,5% - еңбекке қабілетті жастағы адамдар [3].

Қазақстанда әлеуметтік туризмге сұраныстың төмен болуының бірден бір себебі әлеуметтік, рекреациялық және көлік, яғни көліктік логистика инфрақұрылымында халықтың қозғалу мүмкіндігі шектеулі топтары, яғни мүгедектер, қарт адамдар, бесіктегі балалары бар әйелдер және т.б. үшін қозғалу мүмкіндігін шектейтін түрлі кедергілердің болуы. Өткен жыл логистикалық қорытындылары бойынша 24 мыңнан астам объектілер тексерілген және олардың тек 22% ғана мүгедектер үшін қолжетімді.

Сонымен бірге, ескеретін жайт, логистикалық зерттеулерге байланысты әлеуметтік туризмнің дамуы тек қонақжайлық және туризм индустриясы объектілері, яғни қонақ үйдің алғашқы сызбасынан бастап адамдар жолдама сатып алатын туристік кеңсе сызбасына дейін «барлығы үшін қолжетімді және ыңғайлы» қағидасына жауап берсе ғана мүмкін болады.

Әлеуметтік туризм саласы көпқырлы, алайда, қазіргі таңда ол тек емдік-сауықтыру түрінде ғана көрініс тапқан. Логистикалық зерттеулер жүргізе отырып, туризмнің бұл түрі азаматтардың үш категориясына бағытталған:

- реабилитация және емдеуді қажет ететін мүгедектер мен қарт адамдар үшін және ол мүмкіндігі шектеулі адамдарды қорғау туралы әрекет етуші заңға сәйкес жүзеге асырылады;

- ұжымды келісімшартқа сәйкес зиян әрі қауіпті еңбек жағдайында еңбек ететін жұмыскерлер үшін қарастырылған. Жұмыс беруші жыл сайын жұмыскерлер және оның отбасы мүшелері үшін демалыс үйлеріне, санаторий мен пансионаттарға жолдама алулары үшін қаражат бөліп отырады. Жолдама құны жұмыс беруші және одақ мүшелерімен бірге қарастырылады;

- мемлекеттік экономика секторы және әрекет етуші заң мен корпоративтік әлеуметтік бағдарлама шеңберіндегі мемлекеттік емес сектор кәсіпорындарының жұмыскерлері үшін қарастырылған [4].

Мүмкіндігі шектеулі адамдар мақсатты топтарға жатқызылады және «Жұмыспен қамту 2020 жол картасы» бағдарламасы және белсенді жұмысқа орналастыру жүретін аумақты дамытудың аймақтық бағдарламаларында қарастырылған жұмыспен қамтудың мемлекеттік шараларымен қамтылуы тиіс. Бұл мүмкіндігі шектеулі жандар арасында еңбекке қабілетті жастағы адамдардың үлесінің (64,5%) көп болуымен байланысты және 80 мыңнан астам мүгедектер жыл сайын тұрақты жұмыспен қамтылып отырады.

Осылайша, 2014 жылғы логистикалық зерттеулерге байланысты (кесте 1) келесідей мәліметте көре аламыз.

- аумақты дамытудың аймақтық бағдарламалары шеңберінде жұмыспен қамту орталықтары өтініш білдірген 14 мың адамның 7,3 мыңын немесе 52,3% адамды жұмысқа орналастырған. Қоғамдық жұмыстарға 3,7 мың адам қатысқан. Әлеуметтік жұмыс орындарына мүмкіндігі шектеулі жандардың ішінен 761 адам жұмысқа орналастырылған;

- 6,0 мың инвалид немесе жалпы жұмысқа орналасқандардың 46,5% (12,9 мың адам) 3%-дық квота бойынша жұмысқа орналастырылған;

- «Жұмыспен қамту 2020 жол картасы» бағдарламасымен 5,6 мың инвалид жандар жұмыспен қамтылған, оның ішінде:

- әлеуметтік – мәдени объектілер;

- тұрғын үй – коммуналды шаруашылық объектілерінің жөндеу жұмыстары бойынша инфрақұрылымдық жобаларда мүгедектердің 482 адам еңбек етуде.

Кесте 1 - 2014 жылғы 14 пен 29 жас аралығындағы жұмыспен қамтамасыз етілген мүмкіндіктері шектеулі адамдар туралы мәлімет, (мың адам)

№	Қалалар	Барлығы	Ер адамдар саны	Әйел адамдар саны
1	Алматы қаласы	416	230	186
2	Астана қаласы	353	185	168
	ҚР бойынша	5990	3627	2363

Ақпарат көзі: Мәліметтер [5] негізінде автормен жасалынған

Соңғы жылдарда Қазақстан Республикасы облыстарында әлеуметтік туризмді дамыту бойынша айқын қадамдар жасалған. Логистикалық зерттеулер негізінде, Солтүстік-Қазақстан облысында 2015 жылдың 1 сәуірінде Петропавл қаласында мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін «Петропавл автовокзалы» ЖШС көліктік инфрақұрылым объектісі қолжетімді болып келеді. Мәдениет пен демалыс саласында «Н.Погодин атындағы облыстық драма театры» МКҚК және «Қазақстан Республикасы Мәдениет және Ақпарат Министрлігінің Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің облыстық қуыршақтар театры» КМҚК объектілері де мүгедектер үшін ішінара қолжетімді болып табылады.

Қонақ үйлер де ішінара пандустармен жабдықталған, бірақ мүмкіндігі шектеулі адамдарға арналған бөлмелер мүлдем жоқ. Санаторий – курорттық нысандар 1 сәуірдегі жағдай бойынша мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін қолжетімді болып табылмайды [5].

Әлеуметтік туризм бойынша іс-шараларды тиімді іске асыру барлық қызығушылық танытқан жақтардың терең байланысы кезінде ғана мүмкін болады. Орталық құзыретті мемлекеттік органдар әлеуметтік туризм саласында саясатты қалыптастыру мен оны жүзеге асыруда шешуші роль атқарады. Әлеуметтік туризмде қалыптасқан кедергілерді жою үшін Қазақстанда ұлттық деңгейде қаржылық қолдау, әлеуметтік туризмнің мүмкіндіктері мен нысандардың, оның ішінде көлік инфрақұрылымының нысандары, қолжетімділігін қамтамасыз ету бойынша жеткілікті ақпарат, сонымен қатар туризм субъектілеріне сұранысты ынталандыру мен қолдау шаралары қажет.

Қазақстан Республикасында әлеуметтік туризмді дамыту үшін логистикалық зерттеулер көмегімен келесілерді ұсынамыз:

- біздің мақсатты топтарымыз үшін туризм саласындағы арнайы мамандарды даярлау;

- әлеуметтік туризмді мемлекеттік қолдаудың құралдары [5].

Әлеуметтік туризм бизнес үшін несімен тиімді? Логистика арқылы мақсатты топтардың көптігімен байланысты әлеуметтік туризм массалық туризмнің негізін құрайды. Оны маусымдық факторды біршама төмен бағамен турлар ұсыну жолымен теңестіруге болады. Мысалы, сол баяғы «Калипсо» әлеуметтік туризм бағдарламасы арнайы жастар пакетін ұсынады. Бұл пакеттер көліктік қолдану жеңілдіктерін, мәдени орталықтарды тамашалау, ұялы байланыс, дәрігерлік қызмет жеңілдіктерін қамтиды. Маусымдылық мәселелерін шешумен қатар, бұл пакеттер жастар үшін бағалық қолжетімділік мәселесін де шешеді.

Қазіргі таңда шешімін табуды талап ететін негізгі сұрақтар физикалық және бағалық қолжетімділіктің болмауы, көлік логистикасының толық ұйымдастырылмауы, сонымен бірге мүмкіндігі шектеулі адамдар, балалар және қарт адамдар үшін аса маңызды қауіпсіздік мәселесі. Осы орайда аталған сұрақтардың шешу мүмкіндігін қарастыру қажет.

Біріншіден, әрбір адамның еркін қозғалуы үшін көлік логистикасының қолжетімділік пен қонақ жайлылықты қамтамасыз ететін әмбебап дизайн мен стандарттар құрастыру.

Екіншіден, көлік логистикасы. Бүгінгі күндері көліктің барлық түрлері мүгедектер қажеттілігін ескере отырып шығарылады. Технологиялар туризмнің кез келген объектісі, оның ішінде табиғи жолақтарды да олар үшін қолжетімді әрі қауіпсіз етіп жабдықтауға мүмкіндік береді.

Турды ұйымдастырушылар автобус таңдауда осы жайттарды ескере отырып, автобустың құрылымы мен қауіпсіздік құралдарымен жабдықталуына да назар аударуы қажет. Алайда, туристік маршрутта мүмкіндігі шектеулі адамдарға жайлы қызмет көрсету талаптарына барынша жақын жабдықталған автобустарды қолданған жөн.

Турды (экскурсияны) жүргізу барысында автобус маршруты көліктік құрылғының алдын ала дайындалған және бекітілген қозғалыс сұлбасына сәйкес болуы тиіс. Маршрут бойынша жүру кезінде жүргізушіде оның көліктік құралының жұмысын бақылауға арналған құжат болуы қажет.

Логистикалық зерттеулерді қорыта келе, біздің елімізде туризмде мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін ешқандай кедергілер жоқ деп айтуға әлі де болса ерте. Бізде әлеуметтік туризмді есептемегенде жалпы туризмнің өзінде көптеген мәселелер баршылық. Қазақстандық туроператорларға ел ішінде тур ұйымдастырғаннан гөрі шет елдерде тур ұйымдастыру оңайырақ, нәтижесінде барлық қаражат шет елдерге кетеді. Ал біздің елде мүмкіндігі шектеулі жандар ең қарапайым өз бетімен көшелерде қозғала да алмайды. Қазақстанда мүгедектер саны жыл санап өсуде және бұл жағдай туып отырған мәселелерге назар аудармауды мүмкін емес етіп отыр.

Бұл мәселелер мүгедектерге де, Үкімет басшыларына да белгілі, бірақ жеке өз бетімен оларды шешу мүмкін емес, ал өмір болса жалғасуда және мүмкіндігі шектеулі жандар өмір қызығынан тыс қалуда. Әрбір адам өз алдына өзінің өмір сүру ортасына қарай арнайы мақсаттар мен мәселелер қояды. Қоршаған ортаны көру, ұқсас жағдайда өмір сүріп жатқан адамдармен түрлі қалалар мен елдерде кездесу, реабилитация тәжірибесін қабылдау мен түсіну мүмкіндіктері

мүмкіндігі шектеулі жандардың бірі болмаса екіншісі үшін мүлдем мүмкін болмай отыр.

Бірақ бұл мәселе жалпы федералды және аудандық деңгейде қолдауды қажет етеді. Мүгедектер үшін туризммен қарапайым турфирмалардың айналысу мүмкіндігі бар, бірақ ол үлкен жауапкершілік пен спецификаны талап етеді және қосымша шығындардың салдарынан жолдама құны да арта түседі, ал ол қарапайым инвалидер үшін мүмкін емес.

Әлеуметтік туризмнің дамуына кедергі жасаушы айқын стереотиптер, ол – «кім жақсы жұмыс жасаса, сол жақсы демалады» және «қарт адамдар мен мүгедектер тек сауықтыру орталықтарында ғана демалулары қажет» деген көзқарастар. Әлеуметтік – әлсіз адамдар басқа да қарапайым адамдар сияқты туризмді қажет ететіні сөзсіз, бірақ бұл ой әлі де болса қоғамда қабылданбай отыр. Көп жағдайда туризм қажеттілік емес қайта басымдылық, мақтану факторы ретінде қарастырылады. Және осы көзқарастар міндетті түрде мемлекеттік саясатта да көрініс табады.

Тағы да маңызды мәселе: халықтың әлеуметтік әлсіз топтарының әрбірі үшін демалыстың ұзақтығы. Әрбір елде заңмен қабылданған төленетін еңбек демалысы мерзімі бар және олар, шамамен одақтар мен жұмыс берушілердің қарсы келуінің нәтижесінде қалыптасқан. Алайда әлеуметтік туризм саласында негізделген және нақты бекітілген уақыт шектеулері жоқ. Демалыс ұзақтығы мәселесі де, сәйкесінше, әрбір елде жеке қарастырылады. Мысалы, Ұлыбританияда жүргізілген әлеуметтік сұрау нәтижесінде көпшілік «Ешкім кем дегенде жылына бір рет демалу мүмкіндігі жоқ болатындай кедей болмауы тиіс» деген пікірмен келіскен.

Бүгінгі күндері түрлі факторлардың кері әсерінен, мысалы экологияның жағдайы түрлі ауытқулары бар адамдардың туылу ықтималдығының жоғары болуына көп әсер етуінен жыл санап мүмкіндігі шектеулі адамдар саны артып келеді. Тіпті мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін олимпиадалық жарыстардың болуы да көп нәрсені білдіреді. Мүгедектер де демалысты, өмірді түрлендіруді қажет етеді, бірақ өкінішке орай олар үшін туристік нарықта арнайы логистикалық ұсыныстар мүлдем жоқ.

Әдебиеттер

1 Мемлекет басшысы Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. 2015 жыл 30 қараша

2 «Мүмкіндіктері шектеулі адамдардың құқықтары туралы Конвенция ратификациясы» Заңы 20.02.2015 жылдан № 288-V ЗРК

3 Бастрыкина А.В. Туризм в системе реабилитации и социальной интеграции пожилых и людей с ограниченными возможностями. - М., 2008. – 132 с.

4 Қазақстан Республикасының статистика туралы Комитетінің ресми сайты [Электронды ресурс]. – Кіру режимі: www.stat.gov.kz

5 Аржан әлеуметтік ұйымының ресми сайты [Электронды ресурс]. – Кіру режимі: www.arzhan.kz